

Әйтеке би ауданы бойынша 2025 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тарифтерін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 11 қыркүйектегі № 243 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 141, 142-баптарына және "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Әйтеке би ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес, Әйтеке би ауданы бойынша 2025 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тарифтері бекітілсін.

2. "Әйтеке би аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Әйтеке би ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әйтеке би ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би ауданының
әкімі

Д.Тоғызбаев

Әйтеке би ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "11" қыркүйектегі
№ 243 қаулысына қосымша

Әйтеке би ауданы бойынша 2025 жылға арналған 1 қызметті алушыға көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерге жан басына шаққандағы тарифі

		Қызмет алушылардың түрлері		

№	Мекемелердің түрлері	Кіші түрі	Қызмет алушының жағдайы	Күніне 1 қызмет алушының тарифі (теңге)
1.	Үйде қызмет көрсету ұйымдары	-	-	6344,09

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК